

"Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі жүйесіндегі мемлекеттік бақылау органдарымен суармалы-суландыру жүйелерді тексеруді ұйымдастыру және жүргізу нұсқауын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрінің 2002 жылғы 21 қаңтардағы N 13-п бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 22 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1762. Күші жойылды - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2005 жылғы 14 сәуірдегі N 128-ө бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Су ресурстарын қорғау саласында тексеруді ұйымдастыру жүйесін дұрыс жолға қою мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 22 ақпанда N 1762 тіркелген Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстар министрінің 2002 жылғы 21 қаңтардағы N 13-п бұйрығымен бекітілген құлақаралық-суландыру жүйесін тексеруін ұйымдастыру Нұсқаулығының күші жойылсын...

М и н и с т р

Қазақстан Республикасының "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңының 76 және 77 баптарына сәйкес және қоршаған ортаны қорғау саласындағы тексерулерді ұйымдастыру және жүргізу жүйесін тәртіпке келтіру мақсатында **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н** :

1. Қосыла беріліп отырған "Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі жүйесіндегі мемлекеттік бақылау органдарымен суармалы-суландыру жүйелерді тексеруді ұйымдастыру және жүргізу нұсқау" бекітілсін.

2. Қоршаған ортаны қорғау Бас мемлекеттік инспекциясы Департаменті осы Бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркеуге белгіленген тәртіпте беруді қамтамасыз етсін.

3. Су ресурстары жөніндегі комитеті, қоршаған ортаны қорғау Бас мемлекеттік инспекциясы Департаменті (Елеушов Б.С), алаптық сушаруашылығы басқармалары, облыстық (қалалық) қоршаған ортаны қорғау

аумақтық басқармалары осы Бұйрықты орындауға және басшылыққа алсын.

4. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігінің 1992 жылдың 17 сәуірінде бекітілген "Мелиоративтік жүйелерді тексеруді ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі Экобиоресурстар министрлігінің органдарына арналған ұсыныстарының" күші жойылсын.

5. Осы Бұйрықтың орындалуына бақылау Қоршаған ортаны қорғау Бас мемлекеттік инспекциясы Департаментіне (Елеушов Б.С.) жүктелсін.

Министр

Келісінді:
Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау
министрлігі

Келісінді:
Қазақстан Республикасының
Энергетика және
минералдық ресурстар
Министрлігі

19 желтоқсан 2001 ж.

20 желтоқсан 2001 ж.

Келісінді:
Қазақстан Республикасының
Жер ресурстарын басқару
жөніндегі Агенттігі

Келісінді:
Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар
жөніндегі Агенттігі

21 желтоқсан 2001 ж.

28 желтоқсан 2001 ж.

Қазақстан Республикасы
Табиғи ресурстар және
қоршаған ортаны қорғау
Министрінің 2002 жылдың
21 қаңтардағы N 13-п

Бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі жүйесіндегі мемлекеттік бақылау органдарымен суармалы-суландыру жүйелерді тексеруді ұйымдастыру және жүргізу НҰСҚАУЫ

1. Жалпы ережелер

1. Бұл нұсқау Қазақстан Республикасының 1997 жылдың 15 шілдесіндегі "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Z970160_ , 1997 жылдың 19 мамырындағы "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын қорғау туралы" Z970111_ , 1994 жылдың 14 шілдесіндегі "Тұрғындардың санитарлық-эпидемиологиялық әл-ауқаты туралы" Z942000_ Заңдарына, Қазақстан Республикасының 1993 жылдың 31 наурызындағы Су кодексына K933000_ , Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің 1991 жылдың 18 желтоқсанындағы N 785 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасындағы қоршаған табиғи

ортаны қорғауға мемлекеттік бақылау туралы Ережеге", Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің 1995 жылдың 29 сәуірінде N 600 P950600_ қаулысымен бекітілген "Су ресурстарын пайдалануға және қорғауға мемлекеттік бақылау туралы Ережеге", Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау Министрінің 2000 жылдың 18 қыркүйегіндегі N 371-П бұйрығымен бекітілген және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылдың 17 қазанында N 1267 V001267_ нөмірмен тіркелген "Қоршаған ортаны қорғау саласындағы Орталық атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларымен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік бақылауды жүзеге асырудың нұсқауына" сәйкес әзірленген.

2. Осы нұсқауға сәйкес пайдаланылатын суармалы-суландыру жүйелерді тексеру суды қорғау және оларды ұтымды пайдалану бағытында жүргізіледі.

3. Бұл құжат суармалы-суландыру жүйелерді тексеру барысында Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің жүйесіндегі мемлекеттік бақылау органдарына (бұдан әрі - мемлекеттік бақылау органдары) негізгі ұсыныстарды баяндау мақсатында әзірленді.

4. Терминдер мен анықтаулар:

суармалы-суландыру жүйесі - бұл негізінен ауылшаруашылықты сумен қамтамасыз және суландыру үшін каналдармен суды тасымалдауға арналған инженерлік құрылғылар жүйесі;

коллекторлы-қашыртқы желісі - бұл жерлердің батпақтануымен, тұзданумен және жер асты суларын деңгейін төмендету мен ағызып алып кетумен күресуге арналған инженерлік жүйе.

2. Суармалы-суландыру жүйелерді тексерудің мақсаттары мен міндеттері

5. Суармалы-суландыру жүйелерді тексеру мемлекеттік бақылау органдарының супайдаланушылармен су ресурстарын қорғау жөніндегі заңдарды қадағалауына мемлекеттік бақылаудың бір бағыты болып табылады.

6. Тексерудің негізгі мақсаттары келесілер болып табылады:

1) суды ұтымды және үнемді пайдалануға және су объекталарын ластанудан, қоқыстанудан және оның тартылуынан қорғау жөніндегі шараларды жүргізуге бақылау;

2) суды пайдалану және қорғау мәселесі жөніндегі орталық және жергілікті органдардың қаулыларының орындауына бақылау;

3) жекелеген ауылшаруашылық кәсіпорындарымен, сондай-ақ жалпы шараушылықаралық жүйелермен суды пайдалану және суды қорғау шараларын орындау туралы шынайы ақпаратты жинау;

4) суды пайдалануды жақсарту, су көздерінің ластанудың алдын алу және олардың ахуалын жақсарту жөнінде нұсқама беру және берілген нұсқаманың

о р ы н д а л у ы н а

б а қ ы л а у ;

5) су ресурстарын қорғау туралы заңды бұзу нәтижесінде келтірілген залалдың мөлшерін анықтау, осы залалды ерікті түрде орынына келтіру туралы кінәлі тұлғаларға талап қою, немесе сол талапты сот арқылы қою;

6) суару каналдарының, гидротехникалық ғимараттардың, сужүргізетін су құбырларының насос станцияларының коллекторларының су қоймаларының техникалық ахуалына бақылау.

7. Мемлекеттік бақылау органдарының суармалы-суландыру жүйелерді тексеру барысындағы негізгі міндеттері:

1) арнайы супайдалануға және төгінді суды тастауға рұқсаттардың барлығын тексеру және олардың шарттарының қадағалануына бақылау;

2) суды ұтымды пайдалану мен қорғау жөніндегі жобалық құжаттарда қабылданған шешімдердің және белгіленген су пайдалану шарттарының о р ы н д а л у ы н а б а қ ы л а у ;

3) тоғандардағы, көлдердегі және су қоймаларындағы су деңгейінің жасанды өзгеру кезіндегі жобадағы шешімдердің қадағалануына бақылау;

4) су объектасына тастар алдындағы қашыртқы сулардың тазартылуына және жер үсті су объекталарына қашыртқы суларды тастар кездегі ШРТ (шектеулі рұқсат етілген тастанды) нормаларында белгіленген әрекет мерзімдерінің қ а д а ғ а л а н у ы н б а қ ы л а у ;

5) суқорғау шаралары жөніндегі қабылданған жобалық шешімдердің, сонымен қатар суармалы-суландыру жүйедегі суды пайдалану мен қорғаудың нақты жағдайының қолданудағы заңды, техникалық және экологиялық талаптарға сәйкестігіне бақылау;

6) су объекталарынан алынатын және оған тасталатын қайта пайдаланылатын судың көлемінің бастапқы есебінің дұрыстығына, сонымен қатар тасталатын с у д ы ң қ ұ р а м ы н а б а қ ы л а у ;

7) суды тұтыну мен тастаудың есебін жүргізетін жабдықтың және басқа да өлшеу құралдарының барлығын тексеру және олардың мемлекеттік аттестациямен белгілеген мерзімінің қадағалануына бақылау;

8) суармалы-суландыру жүйелердегі реттеуші гидротехникалық ғимараттар арқылы өтетін санитарлық және экологиялық су жіберулерге бақылау;

9) тексерілуші суармалы-суландыру объекталардағы су шаруашылықты және су қорғау әрекеттерді жетілдіру жөніндегі нұсқамалар мен ұсыныстарды беруге;

10) суды пайдалану және қорғауды жақсарту жөніндегі бұрын берілген нұсқамалардың орындалуын тексеру;

11) суды ұтымды пайдалануды, сонымен қатар табиғи суларды ластаудан қорғауды қамтамасыз ету үшін жаңа алдыңғы қатарлы схемалар мен техникалық қондырғыларды енгізуге ықпал жасау.

3. Тексеру жүргізуді жоспарлау

8. Суармалы-суландыру жүйелерді тексеру мемлекеттік бақылау органдарының жоспарлы жұмысы болу қажет. Тексеруді міндетті түрде суармалы-суландыру жүйелерді пайдалануға берер кезде, сонымен қатар су көзінен суды неғұрлым көп алар кезде және оған қашыртқы суларды тастар кезде жүргізу ұсынылады.

Тексеруді жоспарлау барысында қолданудағы заңдарға сәйкес кіші кәсіпкерлер субъекттарын бір жыл ішінде бір реттен артық тексеруге болмайтындығы ескеру қажет. Барлық тексерулер басталар алдында шаруашылық субъекттарын тексеру жүргізу туралы Акті прокуратура органдарында тіркелуі тиіс.

9. Тексеру, тексерілетін объектілердің ерекшеліктерін ескеретін жоспарланған тексерістің мақсаты мен міндеті белгіленген бағдарлама бойынша жүргізілуі қажет. Бағдарлама тексеру жүргізетін ведомствоның басшысымен бекітіледі. Мемлекеттік бақылау функциясының қайталануына жол бермеу және өзара қатынаста қызмет жасау мақсатында тексеру мақсатында бағдарлама мен жоспарлау барысында қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік бақылау органдары мен мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарының бірлесіп қатысу көзделуі қажет.

10. Тексеріс алдында тексеруші келесілерді зерделеуі қажет:

- 1) тексеру бағдарламасын;
- 2) суармалы-суландыру жүйенің және суды қорғау шараларының құжаттарын ;
- 3) жалпы жүйе бойынша және жекелеген шаруашылықтар бойынша суды пайдалану жоспарларын ;
- 4) су алынатын немесе су тасталатын су объектісінің тексеру сәтіндегі гидрологиялық режимін ;
- 5) бұдан бұрынғы тексерулердің материалдарын және орындалуын тексеру мақсатында мемлекеттік бақылау органдарының бұдан бұрын берілген нұсқамаларын.

4. Суармалы-суландыру жүйелерде тексеруді жүргізу

11. Тексеруге суармалы-суландыру жүйелердегі келесі ғимараттар жатады: бас су алу учаскесі; магистральды каналдардың учаскелері; су бөлу жүйелері; кәріз-қашыртқы жүйелері.

12. Бас су алу учаскесін тексеру барысында тексерушіге келесілер ұсынылады :

- 1) бас су алу учаскесінің техникалық құжаттарымен (бас учаскенің диспетчерлік сызбасымен, пайдалану жөніндегі нұсқама, жеделмелі есеп журналы, бас учаскенің төл құжаты) танысу;

2) суды тұтыну және суды ағызудың бастапқы есеп журналдарының (белгіленген нысандағы) барлығын және дұрыс толтыруын тексеру;

3) су объектасының ластануының және қоқыстанудың (таязданудың) дәрежесін анықтау мақсатында суалу шеңберіндегі су объектасының учаскесін көзбе-көз зерттеуді жүргізу (гидробъектердің барлығы мен жұмысы, су алу аймағындағы өзен арнасының таяздануының дәрежесін, мелиоративті ғимараттың шеңберіндегі су объектасының жағдайы тексеріледі);

4) суды тұтыну мен тастаудың есебін жүргізетін жабдықтың және басқа да өлшеу құралдарының барлығын тексеру және олардың мемлекеттік аттестациямен белгілеген мерзімінің қадағалануын тексеру;

5) су алу орындарындағы балыққа тосқауыл қондырғыларының барлығын т е к с е р у д і ;

6) нақты алынған судың көлемінің осы суармалы-суландыру жүйе немесе оның учаскесі үшін бекітілген су пайдаланудың жалпы жоспарына сәйкестігі;

7) жобалық шешімнің реттеуші гидротехникалық ғимараттар арқылы өтетін нақты санитарлық және экологиялық су өткізулермен сәйкестігін тексеру.

13. Су алу үшін жылжымалы насос станцияларын пайдалануды тексеру кезінде келесілерді тексеру ұсынылады:

1) нақты су алу орыны белгіленген нормативті талаптарға сәйкес келуін;

2) алынып жатқан судың бекітілген шаруашылық ішіндегі супайдалану ж о с п а р ы н а с ә й к е с к е л у і ;

3) су объектасының мұнай өнімдерімен ластанудың алдын алу мақсатында насос станцияларының тұрған жерінің және жанар-жағар май қоймасының санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес жабдықталуы;

4) насос станциясының суды сору бөлігінде балық қорғау тосқауылдарының б о л у ы н .

14. Магистральды каналдар учаскесін және су бөлу жүйелерін тексеру барысында келесілерді тексеру ұсынылады:

1) магистральды каналдың тексеру учаскесіндегі және су бөлу жүйелеріндегі су шығынын есептейтін бекеттердің болуы мен олардың жұмысын;

2) канал арнасы арқылы жоғары сүзгілену арқылы, қаптамадағы сызаттар арқылы, деформациялық тігістер немесе науа жүйесіндегі және су құбырларындағы тығыз түйіспеушілігінің арқасында судың ысырап болуын анықтау мақсатында тексерудегі магистральды каналдың және су бөлу жүйесінің т е х н и к а л ы қ а х у а л ы ;

3) оның ахаусыздығын тексеру және мүмкін болатын су ысырабын анықтау мақсатында, су бөлу-жабу арматурасының техникалық ахуалын, сонымен қатар жабу арматурасынан кейінгі су бөлу жүйесіндегі нақты су деңгейінің пайдалану шарттары бойынша талаптарға сәйкес келуі;

4) магистральды каналдағы және оның салаларындағы апатты және аяқты су тастандыларының, сонымен қатар апатты су қабылдағышқа суды қайтару немесе суды су объектасына тастау мүмкіншілігін қамтамасыз ететін су бөлу жүйелеріндегі аяқты су тастандыларының болуын және олардың ахуалын;

5) дефект актылары және пайдалану қызметінің дефект ведомствалары негізінде суармалы жүйе бойынша жөндеу жұмыстарының орындалуын тексеру;

6) суармалы жерлердің батпақтануының немесе қоқыстануының болуын және оның себебін, сонымен қатар бұл көріністердің су көздеріне тигізетін ықпалын.

15. Кәзір-құрғату жүйелерін тексеру алдында, құрғату желісінің жүйесі (ашық және жабық), су қабылдағыштар, батпақталған учаскелердің және батпақтану көздерінің шекаралары, гидрометрикалық бекеттер, бақылау құдықтарының желілері көрсетілген құрғату жүйесінің жоспарымен танысу қажет; сонымен қатар қашыртқы судың саны мен құрамының есебі және жылдың әр кезеңіндегі жер асты суының деңгейінің өзгерісінің графигі жөніндегі құжаттармен танысу қажет.

16. Зерделеу жүргізу барысында келесілер тексерілуі қажет:

1) ағызылатын судың көлемінің есебінің дұрыстығын белгілеу және жобалық немесе тиісті органдармен белгіленген ағын қолданудағы нормасымен салыстыру мақсатында гидрометеорологиялық бекеттердің жұмысын;

2) сорланған және батпақтанған жерлердегі бақылау құдықтарындағы жер асты суларының деңгейін;

3) кәзір-қашыртқы желісінің және онда орнатылған жабу-реттеуші арматураның техникалық жағдайы (барлық су тастау және қашыртқы желісі тіреу және тұйықтан бос жағдайда ұсталуы қажет және жылдамдықтың барлық бойында каналдардың шөптенуіне және таяздануына, сонымен қатар су объектасына топырақтың түсуі мен шайылуына жол бермеуді қамтамасыз ету қажет);

4) суармалы-суландыру жүйелердегі және су тастау орындарындағы эрозияға қарсы шаралардың жағдайы және орындалуы.

17. Тексерілетін кәзір-қашыртқы жүйесі, желіге түскен су жүйенің қашыртқылау мүмкіншілігімен белгіленген барлық қамтитын ауданынан кедергісіз өтіп су қабылдағышқа тасымалданып, онда кептелуді немесе каналдарда суды іркілуді құрмай қабылдаған жағдайда дұрыс жұмыс жасайды деп есептеледі.

18. Тексеру кезінде суды суландыру немесе басқа мақсаттарға қайта пайдалану мүмкіншілігін анықтау үшін оның құрамын белгілеу қажет. Тастанды суды қайта пайдалану мүмкіншілігі туралы шешімдер мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызыметтермен қадағалау, ветериналық қызымет

және басқа да мүдделі органдардың келісілуі керек.

19. Суармалы жерлерде ауылшаруашылық дақылдарын өңдеу үшін және су тасымалдайтын және су тастайтын каналдардағы өсімдіктермен күрес үшін улыхимикаттарды пайдаланған жағдайда тексерушіге келесілер ұсынылады:

1) қолданылатын улыхимикаттардың түрлері мен дозаларын және оларды қолдануға рұқсаттың барлығын тексеру;

2) су объекталарына ағызылатын тастанды судағы улыхимикаттың қалған санының концентрациясын құрамын гидрохимиялық лабораторияның мамандарымен бірге анықтау;

3) су объектасына тастанды судың ықпалын анықтау үшін бақылау бағанында су объектасының суының сапасына және түбіндегі тұнбалардың химиялық талдау жасау.

5. Мүмкін болатын суармалы-суландыру жүйелердегі су пайдалану шарттарының бұзылуы

20. Суармалы-суландыру жүйелерді пайдалану барысында су пайдалану шарттарында белгіленген келесі жиі кездесетін бұзушылықтар болуы мүмкін:

1) суару көзі ретінде пайдалану үшін су объектасын рұқсатсыз алу;

Бұзушылықтың бұл түрі шаруашылықтарамен су объектасынан суды Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің немесе басқа да мемлекеттік органдардың алдын ала келісуінсіз және рұқсатынсыз жылжымалы және жүзбелі қондырғыларды пайдалану кезінде жиі кездеседі. Мұндай бұзушылық су объектасының тартылуына әкеліп соқтыруы мүмкін.

2) суды арнайы супайдалануға берілген рұқсатты бұзумен алу.

Бұл бұзушылық белгіленген супайдалану нормасының жоспарынан жоғары су алумен айқындалады. Мұндай бұзушылықтар су алатын ғимараттарда су тартқыш агрегаттардың қуаты жобалық қуттан әлдеқайда жоғары болған жағдайда және суды бастапқы өлшеуге айтарлықтай бақылау болмаған жағдайда жиі кездеседі. Мұндай бұзушылықтың зардабынан су объектасының гидрогеологиялық режимі, супайдаланудың басқа түрлерінің шарттары нашарлайды, суармалы жерлердің батпақтану немесе қоқыстану мүмкіншілігі т у ы н д а й д ы .

3) сушаруашылықты ғимараттардың және қондырғылардың зақымдануы немесе оларды пайдалану ережелерінің бұзылуы.

Бұзушылықтың бұл түрі су өлшейтін қондырғылардың және жабу-реттеуші арматураның зақымдануына, магистральды желінің және оның салаларының қирауына келтіретін суармалы-суландыру жүйенің және ғимараттардың қолайсыз пайдалануымен айқындалады. Мұндай бұзушылықтың нәтижесі к е л е с і л е р б о л у ы м ү м к і н :

суармалы немесе құрғалмалы жерлердің батпақтануына және сорлануына;

су алатын ғимараттарда орналасқан двигательдерден ағатын мұнай өнімдерінің түсуінен , жағар-жанар майдың қолайсыз сақталуынан, қашыртқы жүйесі арқылы эродирланған топырақтың және қолданылған улыхимикаттардың шығарылуынан суармалы-суландыру жүйені пайдалану барысында судың л а с т а н у ы және қ о қ ы с т а н у ы .

21. Тексеру біткеннен кейін тексеру Актісі, қажет болған жағдайда сәйкес материалдар ресімделеді .

22. Заң бұзушылықтың сипаты мен зардабына сәйкес мемлекеттік бақылау органдары кінәлілерді жауапкершілікке тартуға және анықталған бұзушылықтарды жоюға қажетті шаралар қабылдауды талап етуге міндетті, тексеру нәтижелері суару жұмыстарын дайындауға және жүргізуге жауапты ұйымдардың қаперіне жеткізілуі тиіс.